



ел шебінде!

ҚОЗҒАЛЫС ЫРҒАҒЫНДАҒЫ ҚЫРАҒЫЛЫҚ

ҚР ҰҚК ШҚ Жамбыл облысы бойынша департаменті Меркі ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Сыпатай батыр» шекаралық бақылау бөлімі – мемлекеттік шекара арқылы өтетін қозғалыстың ырғағы үзілмейтін, тәртіп пен талаптың таразысы күн сайын дәл өлшенетін қызмет орны.



Мұнда шекара сызығы көзге көрінбейтіндей болып көрінгенімен, оның салмағы әрбір көлік дөңгелегінің ізінде, әрбір құжаттың жолында, әрбір адамның жауапкершілігінде анық сезіледі.

Шекаралық бақылау бөлімінің тынысы әдетте таңғы салқынмен басталғандай көрінгенімен, шын мәнінде мұнда қызмет тәулік бойы жалғасады. Кезекшілік қабылдау, бағыттар бойынша бақылауды ұйымдастыру, құжаттарды тексеру, тұлғаны сәйкестендіру, ақпараттық базалар арқылы нақтылау, көлік құралдарын іріктеп қарау, күмәнді белгілерді дер кезінде байқап, тиісті іс-қимыл алгоритмін орындау – бұлардың барлығы сырт көзге қарапайым әрекеттер тізбегі секілді.

«Сыпатай батыр» шекаралық бақылау бөлімі – тек мөр басып, құжат қайтарумен шектелмейді. Бұл – адам мен көліктің, бағыт пен мақсаттың, айтылған сөз бен көрсетілген деректің бір-біріне сәйкестігін анықтайтын күрделі талдау. Кейде көзге ұрып тұрған бұзушылық болмайды: бәрі дұрыс сияқты, бәрі «кәдімгі» сапар секілді. Бірақ шекарашы қызметі сол «кәдімгінің» ішінен күмәнді нышанды байқай алумен құнды. Құжаттағы ұсақ айырмашылық, сұраққа берілген жауаптың екіұшты болуы, жүргізушінің орынсыз қобалжуы, жолаушының өз бағытын анық айта алмауы – осындай белгілер кәсіби түйсікті оятады. Сол сәтте шекарашы салмақпен сөйлейді, көңілге ермейді, заң шеңберінен шықпай, белгіленген тәртіппен

нақтылайды. Қажет жағдайда басқа уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл жасалып, процессуалдық шешім қабылдауға негіз болатын материалдар тиісті тәртіпте рәсімделеді.

Шекаралық бақылау бөлімнің қызметін жүйелі ұйымдастырып, жеке құрамның тәртібі мен кәсіби деңгейіне жоғары талап қоятын басшы – майор Оян Сұлтанов. Ол бөлімдегі тәулік ырғағын нақты жоспарлап, шекаралық бақылау рәсімдерінің заң талаптарына сай орындалуын, қауіп-қатерлерді дер кезінде бағамдап, алдын алу шараларының уақытылы қабылдануын қатаң қадағалайды. Қызметте дәлдік пен жауапкершілікті бірінші орынға қоятын Оян Тоқтасынұлы әрбір әскери қызметшіден ұқыптылықты, сыпайылықты және бірізді тәртіпті

талап етеді, сонымен қатар ұжымның моральдық-психологиялық ахуалына көңіл бөліп, ауысымдардың үйлесімді жұмыс істеуіне бағытталған нақты міндеттерді айқындап отырады.

«Сыпатай батыр» атауының өзі бөлімнің рухани мәнін күшейтіп тұрады. Бұл атауда мінез бар: табандылық, тәртіп, іргелі ұстаным. Батырдың есімі берілген бөлімде қызмет атқару – әрбір әскери қызметшіге ішкі серт секілді. Әділдік – шекарадағы ең сенімді өлшем.



Капитан А.ЖЕКСЕНБИН, «ОС-ЧР». Суреттер бөлімшеден.




ҚОС БЕДЕРДІҢ САҚШЫЛАРЫ

2



БЕРІК ИНЖЕНЕРЛІК БӨГЕТ

3



«ШЕКАРАШЫЛАР ТУРАЛЫ КОНТЕНТ...»

5

ШЫҒАНАҚ – БЕРІК ҚАЛҚАН



Бақты ауылында орналасқан бұл бөлімше талай жылдар бойы ел шебін қырағылықпен күзетіп, мемлекеттік қауіпсіздіктің сенімді тірегіне айналды.

«Шығанақ» шекара бөлімшесі өзіне бекітілген жауапты учаскеде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын сенімді түрде күзетіп, құқық бұзушылықтың алдын алу

бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Бөлімше қызметкерлері шекара маңындағы елді мекен тұрғындарымен тығыз байланыс орнатып, шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіне қоғамды да белсенді түрде тартып отыр. Бұл – шекараны қорғаудағы тиімді әрі өміршең тәжірибенің көрінісі.

Бөлімшенің материалдық-техникалық базасы қазіргі

талаптарға толық сай. Қару-жарақ сақтайтын арнайы қоймалар, автотұрақтар, спорт және атыс даярлығына арналған қалашықтар, бағыттар бойынша жабдықталған қоймалар бар. Бөлімше аумағы мен жауапты учаске инженерлік бөгеттермен, қорғаныс құрылыстарымен қамтамасыз етіліп, олар шекара күзетінде тұрақты қолданыста. Қырық әскери қызметшіден тұратын бөлімше штаты өз мамандығына сай іріктелген, әрқайсысы Отан алдындағы антына адал, елге деген сүйіспеншілігі биік жауынгерлер.

Қауіпсіздік шаралары «Шығанақ» шекара бөлімшесінде қатаң сақталады. Қызметтік жағдайда да, күнделікті тұрмыста да қауіпсіздік талаптары басты орында. Заманауи байланыс құралдары, пилотсыз ұшу аппараттары және басқа да техникалық мүмкіндіктер шекара күзетін тиімді әрі нәтижелі етуге мүмкіндік беріп отыр.

Бөлімшенің нақты нәтижелері де көңіл қуантарлық. 2024 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік шекара режимін бұзған 56 адам, шекара режимін бұзған 72 адам анықталып, заң

аясында жауапкершілікке тартылды. 2025 жылдың басынан бері бұл көрсеткіштер 19 және 36 адамды құрады. Аталған құқық бұзушылар бойынша әкімшілік істер қозғалып, мемлекет қазынасына кіріс түсірілді. Сондай-ақ, 2025 жылғы 26 маусымда заңсыз көші-қон ұйымдастыру және жалған құжат жасау деректері бойынша іздеуде жүрген Қазақстан Республикасының азаматы ҚХР аумағына қашпақ болған жерінен ұсталып, әділет органдарына тапсырылды.

Халықаралық деңгейде де «Шығанақ» шекара бөлімшесінің рөлі зор. Жауапты учаскеде Қытай Халық Республикасымен шектесетін мемлекеттік шекара бірлескен іс-қимыл негізінде күзетіледі. Өзара әрекеттесу, күш пен құралдарды үйлесімді пайдалану екі тараптың да ортақ қауіпсіздік мүддесіне қызмет етеді.

Жастармен жүргізілетін жұмыс та бөлімше қызметінің маңызды бағыты. Шекарашылар жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беріп, Отан алдындағы борыштың мәнін түсіндіруге бағытталған іс-шараларды тұрақты ұйымдастырады. «Шекараны

күзеткен көз тозақ көрмейді» деген халық даналығы бүгінгі шекарашылардың өмірлік ұстанымына айналған.

Бөлімше қызметінің үйлесімді ұйымдастырылуында офицерлер құрамының үлесі ерекше. «Шығанақ» шекара бөлімшесінің бастығы капитан Еламан Вагонхан – тәжірибелі, талапшыл, өз ісіне адал офицер. Ол шекара қызметіндегі жылдар бойғы тәжірибесін бөлімшенің жауынгерлік қабілетін арттыруға бағыттап келеді. Ал тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары лейтенант Жеңіс Орынбай жас болса да жауапкершілігі жоғары, болашағынан үлкен үміт күттіретін офицер ретінде жеке құрам арасында абыройға ие.

Қорыта айтқанда, «Шығанақ» шекара бөлімшесі – Қазақстанның шығыс шебіндегі берік қалқан, тыныштық пен тұрақтылықтың сенімді кепілі. Ел шекарасын күзеткен ерлер барда, мемлекеттің іргесі берік, болашағы нық болары сөзсіз.

**Аға лейтенант
Е. ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР».
Сурет басқармадан.**

ҚОС БЕДЕРДІҢ САҚШЫЛАРЫ

ҚР ҰҚК ШҚ Жамбыл облысы бойынша департаменті Қордай ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Қарасай батыр» шекара бөлімшесі – бір мезетте әрі таулы, әрі жазық бедердің мінезін қатар арқалаған, қызмет ырғағы бір сәтке босаңсуға болмайтын күрделі аумақта орналасқан маңызды бөлімшелердің бірі.

Бұл өңірде шекара табиғатпен де, уақытпен де сынасады: тау қырқалары бір қарағанда тыныш көрінгенімен, әр сай-саланың өз жолы, әр жотаның өз өткелі бар. Ал жазық бөлікте кеңістік ашық болғанымен, қозғалыс жылдам, қауіп-қатердің сипаты бөлек. Сондықтан «Қарасай батырда» күнделікті қызмет тек шекара нарядының шығумен шектелмейді – бұл қырағылықты әдетке, тәртіпті тірекке айналдырған өмір салты.

Бөлімше аумағында нарядтардың жұмысы нақты жоспарға бағынады: бақылау бағыттары, инженерлік құрылыстар мен бөгеттердің жай-күйі, із-бақылау жолағының сақталуы, бақылау нүктелерінің талапқа сай болуы – бәрі-бәрі ұдайы назарда. Таулы аумақта ауа райы тез құбылады, соқпақ жолдар кейде тұманға, кейде қар мен жауынға сіңіп кетеді ал жазықта қырағылық басқа деңгейде қажет – алыстан көрінетін белгі де, жақыннан байқалатын ұсақ із де назардан тыс қалмауы тиіс. Осындай айырмашылығы көп аймақта шекарашылар үшін басты өлшем – бірізді тәртіп пен кәсіби мұқияттылық және заң талабымен қабылданады.

«Қарасай батыр» бөлімшесінің қызмет нәтижесі де осы ұстанымның айғағы. Мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өтуге әрекеттенген құқық бұзушылар дер кезінде анықталып, ұсталады. Сондай-ақ бөлімше аумағында шетел азаматтарына қатысты заңсыз әрекеттердің алдын алу бағытында да тиісті шаралар атқарылып, құқықтық тәртіпті бұзуға жол берілмеді. Бұдан бөлек,



шекара арқылы малды заңсыз айдап өтпек болған әрекеттердің жолы кесіліп, ұсталған мал бойынша белгіленген тәртіппен құжаттандыру және әрі қарайғы процессуалдық іс-қимылдар жүргізілген. Мұның бәрі – жай ғана нәтиже емес, шекара шебіндегі нақты еңбек, әрбір ауысымның салмағы, әр нарядтың маңдай тері.

Бөлімшенің ұжымын ұйыстырып, қызметтің тәуліктік қарқынын дұрыс ұйымдастыруда бөлімше бастығы аға лейтенант Дастан Тлеужанның орны бөлек. Ол жеке құрамнан тәртіп пен дәлдікті талап ете отырып, шекара нарядтарының дайындық деңгейіне, қауіпсіздік талаптарының сақталуына, бақылау жұмыстарының үйлесімді орындалуына баса мән береді. Қиын бедерде қызмет атқаратын әскери қызметшілер үшін ұсақ қателіктің өзі үлкен салдарға ұласуы мүмкін екенін жақсы түсінетін жас әрі тәжірибелі басшы ретінде оң нәтижесімен бағаланады. Ол әрбір тапсырманың нақты орындалуын, байланыс пен өзара көмектің үзілмеуін, сақтық пен жауапкершіліктің қатар жүруін қадағалап отырады.

«Қарасай батыр» бөлімшесінің күрделі учаскедегі қызметі бір ғана ойға тіреледі: шекарадағы тыныштық – бір сәттік сәттілік емес, үздіксіз бақылаудың, темірдей тәртіптің, кәсіби сергектіктің нәтижесі. Таудың салқыны мен жазықтың желі кезек алмасқан сайың бұл бөлімшенің әскери қызметшілері де өз міндетін алмастырмайды. Мемлекеттік шекараның әр тұсын заң талабына сай күзетіп, құқық бұзушылықтың алдын алып, ел қауіпсіздігіне қызмет етуді басты парыз санайды.

**Капитан А. ЖЕКСЕНБИН, «OS-ЧР».
Сурет бөлімшеден.**

«ЖЕТИСУ» – ҚАСИЕТТІ КҮЗЕТТЕ

Еліміздің мемлекеттік шекарасын күзетіп тұрған ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Жетісу» шекара бөлімшесі – қырағылық пен жауапкершілікті басты қағида еткен әскери ұжым.

Жеке құрамы жыл он екі ай ауа райының күрделілігіне қарамастан, ел шебін мүлтіксіз күзетіп келеді. Қақаған аяз, боранды қыс пен аптап ыстық шекарашылардың қызметіне кедергі емес, керісінше олардың төзімі мен жауынгерлік рухын шыңдай түседі. Әрбір шекарашы үшін қызмет - уақытпен өлшенбейтін, тәулік бойы тоқтаусыз атқарылатын қасиетті міндет.

«Жетісу» шекара бөлімшесінің жауынгерлік қызметі кәсіби дайындық пен үйлесімді іс-қимылға негізделген. Шекара режимін бұзу әрекеттерінің алдын алу, заңсыз өтпек болғандарды дер кезінде анықтау және құқықтық тәртіпті сақтау – бөлімшенің күнделікті қызметінің басты бағыттары. Инженерлік-техникалық құралдарды тиімді пайдалану, қызметтік иттердің көмегі, жеке құрамның ширақ әрекеті шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Бұл - шекарашылардың жоғары жауапкершілігі мен қырағылығының нақты дәлелі.

Бөлімше үшін шекара - жай

ғана сызық емес, елдің тұтастығы мен тыныштығын айқындайтын қасиетті ұғым. Сондықтан әрбір сақшы өз міндетін терең сезініп, Отан алдындағы борышын абыроймен атқаруға ұмтылады. Қиын жағдайда дұрыс шешім қабылдау, тәртіп пен өзара сенім - «Жетісу» шекара бөлімшесінің жауынгерлік қызметіндегі басты ұстанымдар. Осындай табандылық пен тәртіптің арқасында бөлімше ел қауіпсіздігіне сүбелі үлес қосып келеді.

Бүгінде «Жетісу» шекара бөлімшесін капитан Тілектес Тұрсынбай басқарады. Ол - талапшыл, тәртіпті жоғары қоятын, жауынгерлік қызметтің мәнін терең түсінетін офицер. Бөлімше басшысы ретінде жеке құрамнан жауапкершілік пен тәртіпті талап ете отырып, әрбір сарбазға үлгі бола біледі. Оның ұстанымы: мемлекеттік шекараны күзету - намысты, кәсіби дайындықты және Отанға адалдықты талап ететін абыройлы қызмет.

Подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР».
Сурет шекара бөлімшесінен.



БЕРІК ИНЖЕНЕРЛІК БӨГЕТ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету – ел қауіпсіздігі мен қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі стратегиялық маңызы зор міндет.



Осы жауапты істі абыроймен атқарып келе жатқан бөлімшелердің бірі – 2015 жылғы 3 қазанда құрылған ҚР ҰҚК ШҚ Түркістан облысы бойынша департаменті Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасының «Қайрат» шекара бөлімшесі.

Аталған бөлімше 15 шақырымға жуық жауапкершілік аймағында қызмет атқарады. Оның ерекшелігі – халық тығыз орналасқан аумақта, 20 мыңнан астам тұрғын-

ды қамтитын өңірде мемлекеттік шекараны қорғауды жүзеге асыруында. Бұл өз кезегінде шекара күзетінің жоғары деңгейде ұйымдастырылуын, жеке құрамның кәсіби даярлығы мен техникалық жарақтандырылуын талап етеді. Қазіргі таңда «Қайрат» шекара бөлімшесі заманауи инженерлік-техникалық құралдармен толық жабдықталған. Атап айтқанда, дөнекерленген сым тор панельдері, «Gobi-212E», «Гюрза» электросигнализация-

лық кешендері, темір бақылау мұнаралары, жасырын және ашық бақылау пункттері, бейнебақылау камералары мен инженерлік бөгет жүйелері шекара қауіпсіздігін тәулік бойы қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бөлімшенің жеке құрамы – тәжірибелі әрі жауапкершілігі жоғары әскери қызметшілерден құралған. Бөлімше бастығы капитан Дархан Жансапов шекара қызметінде 2012 жылдан бері табанды еңбек етіп келеді. Шекара қызметі академиясының түлегі ретінде ол бөлімшенің қызметін тиімді ұйымдастырып, жеке құрамның кәсіби деңгейін арттыруға баса назар аударып келеді. Оның орынбасары аға лейтенант Амир Арманов та жас болса да, тәрбие және идеологиялық жұмыстарды жүйелі жүргізуімен ерекшеленіп, үздік тәрбие және идеология жөніндегі орынбасар атанған.

Бөлімшеде қызмет атқаратын әскери қызметшілер өз міндеттерін мінсіз атқарып келеді. Соңғы жылдары бөлімше үздік аға техник, үздік мобильдік топ бастығы номинацияларын иеленген. Ал 2025 жылы инженерлік қызмет қорытындысы бойынша бөлімше үшінші орынға ие болып, жыл қорытындысында Өзбекстан бағыты бойынша үздік шекара бөлімшесі атағын жеңіп алды.

Қызметтік нәтижелер де жоғары көрсеткіштермен айқындалады. Соңғы кезеңде 5-ке жуық мемлекеттік шекараны бұзушы, оның ішінде психотроптық заттарды алып өтпек болған 1 құқықбұзушы ұсталды. Сонымен қатар, 300-ге жуық көші-қон заңнамасын бұзған тұлғаға қатысты хаттамалар толтырылып, сот органдарына жолданды. Шекара режимін бұзған 100-ге жуық азамат анықталып, тиісті әкімшілік шаралар қолданылды.

Бұл көрсеткіштер «Қайрат» шекара бөлімшесі жеке құрамының жоғары кәсіби дайындығын, қырағылығы мен Отан алдындағы адалдығын айқын көрсетеді. Мемлекеттік шекараны күзету ісінде олар ел тыныштығы мен қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етудің сенімді тірегіне айналып отыр.

Майор **Р. АСАДИЛОВ,**
«OS-ЧР». Сурет
шекара бөлімшесінен.

ПОВСЕДНЕВНАЯ СЛУЖБА – РЕАЛЬНЫЙ РЕЗУЛЬТАТ

Героизм не всегда проявляется в громких подвигах. Зачастую он заключается в ответственной, грамотно организованной службе, которая ежедневно обеспечивает безопасность государства.



Очередное подтверждение этому – действия пограничников пограничного управления по Бейнеускому району Департамента ПС КНБ по Мангистауской области.

12 ноября в 03.50 часов при выполнении задач по охране казахстанско-узбекистанского участка государственной границы, пограничный наряд с использованием оборудования «BEAGLE» выявил неизвестный объект, двигавшийся в сторону границы.

В соответствии с установленным порядком информация была незамедлительно передана в пограничное отделение. По тревоге был поднят личный состав пограничного отделения «Аюкжигит», включая пост технического наблюдения «Тажен» и передвижной пограничный пост, несущий службу на данном участке.

В результате слаженных действий стражей границы на расстоянии 90 метров от государственной границы был задержан гражданин Республики Узбекистан. Установлено, что он предпринял попытку незаконного пересечения границы из-за проблем с документами и законом.

Как отметил начальник пограничного отделения «Аюкжигит» капитан Естай Кажыхмет, за последние три года подразделением под его руководством предотвращено более десяти попыток незаконного пересечения государственной границы. В целях предупреждения подобных правонарушений пограничники на постоянной основе проводят профилактическую работу с населением и иностранными гражданами.

Задержанный был передан сотрудникам МВД для дальнейшего разбирательства и принятия процессуальных решений.

За проявленную бдительность и четкие действия при выполнении задач по охране государственной границы личный состав пограничного отделения был поощрен правами начальника Департамента полковника Саната Жуманова.



Капитан
А. ЖАНАЛИПОВ,
«ОС-ЧР». Фото
капитана
Е. КАЖЫАХМЕТ.

25-ЛЕТИЕ ВЫВОДА ОССБ РК

БЕЗ ПРАВА НА ОШИБКУ

В истории Пограничной службы есть периоды, которые становятся настоящей проверкой на профессиональную зрелость и человеческую стойкость. Служба Отдельного сводно-стрелкового батальона на таджикско-афганском направлении – одна из таких страниц. Прошло 25 лет со дня вывода батальона, но опыт, полученный там, до сих пор остается ориентиром для офицеров, отвечающих за боевую подготовку и охрану Государственной границы.

Одним из тех, для кого эта командировка стала подлинной школой боевого управления, был полковник Олег Валерьевич Колесников – кадровый офицер-пограничник, ныне начальник Департамента боевой подготовки и службы войск. В 1999 году, будучи капитаном, он исполнял обязанности начальника штаба 20-го отдельного сводно-стрелкового батальона РК. Для офицера с таким званием это была колоссальная ответственность: штаб – головное подразделение, от которого зависело планирование, управление, снабжение и главное, жизнь личного состава.

В отдельном сводно-стрелковом батальоне служили военнослужащие Пограничных войск, подразделений Министерства обороны – Сарыюзекской и Отарской дивизий, а также спецназа Внутренних войск, ныне Национальной гвардии РК. Разный служебный опыт и различные школы требовали времени и усилий, чтобы добиться главного – слаженности.

В начале основной задачей штаба стало: обучение взаимодействию, единым требованиям и порядкам службы, чтобы не допустить потерь. Как подчеркивает офицер, в условиях реальной угрозы цена несогласованности могла быть слишком высокой.

В феврале 1999 года личный состав был направлен в Душанбе, в учебный центр Пограничных войск Республики Таджикистан. Уже оттуда подразделения выдвинулись в район Калай-Хумба, где располагалось руководство батальона. Зона ответственности охватывала до 250 километров государственной границы. Боевые посты несли службу на тактических направлениях Микрон, Джавай, Тагандора. Отдельные подразделения располагались в районе



Висхарвского ущелья и на других ключевых участках.

По прибытии на позиции офицерам и личному составу пришлось решать не только задачи охраны границы, но и серьезные тыловые вопросы. Под руководством штаба оборудовались блиндажи и окопы, места отдыха, налаживалось снабжение, организовывалось боевое обучение в условиях горной местности. Все это требовало четкого планирования и постоянного контроля – прямой зоны

ответственности начальника штаба.

– Начальник штаба – это постоянная работа без пауз, – отмечает офицер. – Ты отвечаешь за все: от боевых распоряжений до быта солдат.

Именно эта должность дала ему полноценный управленческий и боевой опыт. Решения приходилось принимать быстро, зачастую в условиях дефицита времени и ресурсов. Особая гордость для всего батальона – отсутствие потерь. Это результат дисциплины, грамотной организации

службы и той самой слаженности, которой добились с первых дней.

В ходе интервью Олег Валерьевич с теплотой и уважением вспомнил боевых товарищей: начальников постов «Микрон» – Андрея Лучко, «Джавай» – Талгата Даулетханова и командиров отделений – Асхата Абдулина, Максата Шамбиева, Галымжана Бекбосынова, пулеметчиков – Базарбая Хамиева, Руслана Ергазиева и многих других.

Полковник О. Колесников является пограничником по призванию и служебному пути. В состав сводного батальона он был назначен начальником штаба, что стало серьезным доверием и одновременно испытанием. После возвращения из Таджикистана он продолжил службу на различных должностях в Пограничной службе, последовательно накапливая управленческий и практический опыт. Сегодня он по-прежнему остается в строю, передавая знания и боевой опыт новому поколению офицеров.

Обращаясь к молодым офицерам, он подчеркивает: важно быть всесторонне развитым, пройти все основные ступени службы – от начальника заставы, иметь опыт воспитательной работы, главное пройти службу по охране Государственной границы. Терпение, выдержка и уважение к людям – качества, без которых невозможно стать настоящим командиром.

Теплые слова офицер адресует и своим боевым товарищам, ветеранам Отдельного сводно-стрелкового батальона РК:

– Мы были и остаемся одним строем. Желаю всем крепкого здоровья, мира и уверенности в том, что наш общий труд был не напрасен.

История этого батальона – пример того, как профессионализм и ответственность позволяют выполнить задачу без потерь. А для офицеров – напоминание, что опыт, полученный в сложных условиях, всегда работает на будущее Пограничной службы КНБ РК.

Подполковник
Ж. КЕМЕЛ, «ОС-ЧР».
Фото капитана **А. КАЙЫР.**

«ШЕКАРАШЫЛАР ТУРАЛЫ КОНТЕНТ...»

Қазақстандық танымал блогер Тимур Асылханов ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасында болып, жас жауынгерлер курсынан өтіп жатқан «Күз-2025» шақырылымы сарбаздарының бір күнімен танысты.

Жалпы, «блогер» деген не? Бұл – өз бетінше, еркін стильде жұмыс істейтін жеке көзқарасы бар дегенді білдіреді. Оқиға орнынан ақпаратты тез таратып, аудиториямен тікелей жұмыс істейтіндерге әсіресе жастар жағы көбірек құлақ түреді. Әрине, барған жерінен «шөп пен шөңгені» іздеп кететін блогерлер де жоқ емес, бар... Ал белгілі бір тақырыпта үнемі контент шығарып, осы арқылы әсіресе еліміздің Қарулы күштерінде болып жатқан жаңалықтар мен оқиғаларды халыққа жеткізіп жүрген Т. Асылханов әскерилердің өмірін тек жақсы жағынан көрсетуге ұмтылып тұрады. Отан қорғап жүрген азаматтардың өмірі сондай болғандықтан да... Ендеше, неге кейбіреулер секілді «тырнақ астынан кір іздеу» керек?! Дегенмен, бадырайып тұрған кемшін тұстарды аттап кетпейтін жақында Қорғаныс министрлігінің Отар гарнизонындағы әскери бөлімдердің бірінде болған оқиға айқын көрсетіп берген. Осындай келеңсіз жағдайдан кейін «Бағдад та барлығы тыныш» деуді артық көретін басшылық Тимур Нұрлыбекұлына «рәңжіген» олар блогерді «қара тізімге» тығыпты. Бірақ, «ашулары» көпке созылған жоқ, Қорғаныс министрлігінің Баспасөз қызметінің жетекшісі журналист-блогерге өздерінің өкпесі жоқ екенін айтып, үшбу сәлем жолдапты.

... Иә, Тимур блогер ғана емес, журналист. Дәлірек айтсақ, ол да осы жолдардың авторы секілді әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген. Әрі қарай, шығармашылық жолға түскен ол соңғы жылдардың бедерінде журналистік сипаттағы контент жасаушы ретінде танымал. Айтпақшы, ол да өзінің екі жылдық мерзімді қызметін Ұлттық ұланның сапында өткеріпті. Сондықтан, журналист-блогерге әскери өмір етене таныс болғандықтан, біз қонағымызға шекарашылардың атқаратын қызметін тереңдетіп таныстырып жатпадық.



атындағы әскери бөлімнің өкілдері келгенге дейін (блогер-журналистің Алматыға келгенін біз ғана орайымен пайдаланған жоқпыз-авт.) бөлімді аралап, болашақ санитарлық нұсқаушылар мен байланысшылардың дәрісіне қатысқан блогердің өзі де көбірек материал қамтып қалуға тырысқан. Айтпақшы, біздің қонақпен департаменттің бас тәлімгері, полковник Серік Төлеуханов пен өзінің азаматтық борышын осындағы ақпараттық қауіпсіздік бөлімінде өтеп жатқан қатардағы жауынгер Еркебулан Мейранбекұлы да емен-жарқын әңгімелескен. Ал кездесу соңында блогерге полковник С.Төлеуханов департаменттің бес жылдығынан сыр шертетін «Біз – Отанның берік қалқаны» деген кітапты



Бар болғаны, «театрдың – киімлігштен басталатыны» секілді, Тимур шекара басқармасының Ақжардағы техникалық және кәсіби даярлық бөлімінің бақылау-тексеру постында өзін күтіп алған кезекшімен аз-кем тіл қатысқан соң ішке енген. Ал мұнда сарбаздар сап түзеу тұрған болатын. Сол-ақ екен, «шабыттың арғымағына» қамшы басқан блогер алдымен басқарма бастығының орынбасары – бөлім бастығы полковник Сағадат Әуезовпен сұхбаттасқан.

Әрі қарай, стадион, медициналық тірек, байланысшылар мен сарбаздардың жатын-жайларымен танысу басталып кете барған. Құр мақтаудан аулақпыз, сарбаздар да бейне бір өзінің жақын туысымен кездескендей күй кешіп, блогермен еркін сұхбаттасқан. Әскери орта жайында, не үйренді, қандай мамандық алып шығады? Бұл сұрақтарға мүдірмеген олар шекарашы болуды өздері қалап, өздері сұранғандарын да ерекше леппен жеткізген.

Міне, осылайша, Төтенше жағдай министрлігінің Ұзынағашта орналасқан қолбасшы Бауыржан Момышұлы

сыйға тартты. Шекарашылар туралы көбірек біле жүрсін деген ақ ниетпен!

Сөйтіп, блогер Тимур Асылхановпен Шекара қызметі бойынша бірінші болып біз кездесіп, жүздестік. Көп ұзамай, әлеуметтік желілерден қонағымыздың біз туралы контенттері де бірінен соң бірі жарияланып, халықтың ыстық ықыласына бөленген. Әрине, арасында «диван сыншылары» қалдырған «пікірлер» бой көрсетіп үлгерген. «Ит үреді, керуен көшеді». Ең бастысы, қаншама ата-ана блогер арқылы өз балаларын көріп, көзайым болған.. Біз үшін ең маңыздысы да осы!

Ал Тимур Нұрлыбекұлы келесі жолы алыстағы шекараға баруға уәде берді!



ҚР Журналистер одағының мүшесі, әскери журналист Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-CP». Суреттерді түсірген автор.

ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНДЕГІ САНАЛЫ ҒҰМЫР

ЕҢБЕКТЕН – ЗЕЙНЕТКЕ

«Елге қызмет ету — ерлік, ал сол ерлікті адал атқару — нағыз азаматқа тән қасиет». Осындай қасиетті жолда қызмет етіп, ел құрметіне бөленген тұлғалардың бірі — ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің бастығы, полковник Айдар Аимбетов.

2025 жылғы 5 желтоқсанда Қызылорда қаласындағы «Достық үйі» ғимаратында шекара қызметінде ұзақ жылдар бойы абыроймен еңбек еткен, Сыр өңірінің қауіпсіздігі мен тыныштығын қамтамасыз етуге өлшеусіз үлес қосқан полковник Айдар Ақанұлын салтанатты түрде зейнетке шығарып салу рәсімі өтті.



Салтанатты жиынға ҚР ҰҚК Шекара қызметі Директорының бірінші орынбасары-Бас штаб бастығы полковник Б. Абсаматов, әріптестер, сала ардагерлері мен жеке құрам өкілдері қатысты. Жиын барысында оның көпжылдық қызмет жолы, ел шекарасын қорғаудағы табанды еңбегі мен Сыр еліне сіңірген зор үлесі ерекше ілтипатпен атап өтілді. Айдар Ақанұлы саналы ғұмырын шекара қызметіне арнап, Қызылорда облысындағы Шекара қызметінің дамуына, материалдық-техникалық базасының нығаюына, сондай-ақ жеке құрамның кәсіби және жауынгерлік даярлығын арттыруға айрықша еңбек сіңірді. Оның басшылығы кезеңінде тәртіп, бірлік пен жауапкершілік қызметтің басты қағидасына айналды.

Шара барысында әріптестері мен ардагерлер полковник Айдар Ақанұлының адал да мінсіз қызметін, талапшыл әрі әділ басшылық болмысын ерекше құрметпен атап өтіп, жүрекжарды алғыс тарын білдірді. Оның өнегелі өмір жолы мен қызметтегі табандылығы жас шекарашылар үшін үлгі екені айтылды. Салтанатты рәсім соңында зейнет демалысына шыққан полковникке ел тыныштығы жолындағы қажырлы еңбегі үшін шынайы ризашылық білдіріліп, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр және отбасы амандығы тілектері жеткізілді. Ел шебінде еткен елеулі еңбегі Сыр жұртшылығының жадында мәңгі сақталары сөзсіз.



Аға лейтенант Ә.ТӨЛЕБАЙ, «OS-CP». Суретті түсірген автор.

ТАБАНДЫЛЫҚТЫҢ ЖЕМІСІ

Мемлекеттің егемендігі мен тұрақтылығы оның шекара шебінің беріктілігімен өлшенетінін баршамыз білеміз. Бүгінде Қазақстанның мыңдаған шақырымға созылған шекарасын күні түні үздіксіз кірпік қақпастан күзетіп, біздің бейбіт тұрмысымыздың сенімді қалқанына айналған шекарашылар бар. Осы батырлар қатарында назардан тыс қалмайтын, еңбегімен ел қауіпсіздігін мызғымас еткен офицерлер көп.

Осындай табанды және ар-ожданды офицерлердің бірі – ҰҚК Шекара қызметінің Ақтөбе облысы бойынша департаментіне қарасты «Әйтеке би» шекара бөлімінің бастығы подполковник Ялкунжан Сайдуллаев. Ол 1988 жылы Алматы облысының Ұйғыр ауданындағы Бахар ауылында дүниеге келген. Балалық шағы еңбек пен жауапкершілікке баулыған адамдар арасында өткен. Ауылдың тұрмыс тәртібі мен кең даланың еркіндігі оның мінез-құлқына әсер етіп, болашақ жолына із қалдырды.

2005 жылы орта білімді тәмамдап, үлкен өмірге қадам басты. Сол жылы ол арманын жүзеге асыру мақсатында Алматыдағы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Әскери институтының (қазіргі Шекара академиясы) курсанты атанды.

Ялкунжан Сайдуллаевтың қызмет жолы 2009 жылдың



тамыз айында «Ақырап» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары қызметінен басталды. Бір жылдан соң, 2012 жылы, ол «Әйтеке би» шекара бөлімшесінің бастығы болып тағайындалып, 2014 жылға дейін департамент бойынша «Үздік бөлімше» атанды. Келесі жылдар оның табыстарымен және әскери мансабының тұрақты өсуімен жалғасты. 2014 жылдың қыркүйегінде Орал шекара жасағының «Қызыл жар» шекара бөлімшесінің бастығы лауазымында болып, бөлімшені екі жыл қатарынан «Үздік бөлімше» номинациясына жеткізді. Осындай биік шыңдарды бағындырған соң, 2023 жылдың шілдесінде ол «Әйтеке би» шекара бөлімінің бастығы лауазымына тағайындалды.

Дегенмен, Ялкунжан Туглукжановичтың өзі үшін ең басты байлығы – әріптестерінің сенімі мен отбасының бірлігі. Бүгінде ол жұбайы Гүлмира, сүйікті екі ұлы Осман, Иман және қызы Іңкәрмен бірге бақытты отбасылық өмір сүруде. Ол – шекара шебінің беріктігі сияқты отбасы үшін де сенімді тірек және қорғаушы асқар тау.

Подполковник Ялкунжан Туглукжанович Сайдуллаев – адалдық пен еңбексүйгіштің үлгісі. Қарапайым ауылдан шыққан жігіт табандылығы мен берік қызметінің арқасында Отан шебінің сенімді қорғанына айналды. Жас ұрпақ үшін ол – Отанына адал қызмет етудің, жауапкершілік пен табандылықтың, қарапайымдылық пен азаматтық ерліктің бейнесі.

**Аға лейтенант
Ж. ШАРМАКОВ, «OS-ЧР».**
Суретті түсірген автор.

КАДРЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ЖҮЙРІГІ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету – табандылықты, кәсіби дайындықты және Отан алдындағы адалдықты талап ететін абыройлы міндет. Осы жауапты жолды саналы түрде таңдап, шекара қызметінде өз орнын тапқан жас офицерлердің бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаменті Семей шекара басқармасының «Байтанат» шекаралық бақылау бөлімшесі бастығының орынбасары лейтенант Нұрбек Кенжебай.

Нұрбек Бауыржанұлының әскери жолы 2015–2016 жылдары Тараз қаласында орналасқан Шекара қызметінің 2035 әскери бөлімінде мерзімді әскери қызмет атқарудан басталды. Осы кезеңде ол әскер тәртібін, жауапкершіліктің мәнін терең түсініп, болашақ қызметіне берік негіз қалады.

2020 жылы Семей шекара басқармасының «Жезкент» шекаралық бақылау бөлімшесінде бақылаушы қызметін атқарып, шекаралық бақылаудың қыр-сырын меңгерді. Ал 2021 жылы «Ауыл» автомобильдік шекаралық бақылау бөлімшесінде бақылаушы ретінде тәжірибесін одан әрі шыңдап, шекарадағы практикалық қызметтің маңызын терең түсінді.

2022–2024 жылдар аралығында ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментінің Тәрбиелік, идеологиялық және кадрлық жұмыстар басқармасының кадрлар бөлімінде қызмет атқарды.

Қызметпен қатар, Нұрбек Бауыржанұлы білім алуға да ерекше мән берді. 2016–2019 жылдары Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетте «құқықтану» мамандығы бойынша білім алып, бакалавр дәрежесін қорғады. Кейіннен заң ғылымдарының магистрі атанып, құқықтық білімін тереңдетті. Бұл білім оның шекара қызметіндегі практикалық жұмысымен ұштасып, кәсіби деңгейін жаңа сатыға көтерді.

2024 жылғы 24 маусымда өзінің білікті әрі табанды әскери қызметші екенін дәлелдеп, ҚР ҰҚК Төрағасының бұйрығымен алғашқы офицерлік «лейтенант» шенін иеленді. Мерзімді әскери қызметшіден бастап, бөлімше бастығының орынбасары лауазымына дейінгі жол – оның еңбексүйгіштігі мен мақсатқа деген беріктігінің айқын дәлелі.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментінің 2025 жылғы қызмет қорытындысы бойынша лейтенант Нұрбек



Кенжебай шекаралық бақылау бөлімдері мен бөлімшелерінде тәрбие, идеологиялық жұмыстарды үйлестіру бағытындағы нәтижелі еңбегі үшін тәрбие, идеологиялық жұмыстар бойынша орынбасарлар арасында «Үздік тәрбиеші» деп танылды. Бұл – оның жеке құраммен жұмыс жүргізудегі кәсіби шеберлігі мен жауапты көзқарасының айқын дәлелі.

Лейтенант Нұрбек Бауыржанұлы Кенжебай – отбасылы, шаңырақтың тірегі. Қызмет пен отбасылық жауапкершілікті қатар алып жүрген офицердің өмір жолы жас әскери қызметшілерге үлгі болары сөзсіз. Осындай елге адал ісіне жауапты офицерлер барда, мемлекеттік шекарамыздың қауіпсіздігі де сенімді қолда екені анық.

**Аға лейтенант
Е. ҚАЙРТАЙ,
«OS-ЧР».**
Сурет басқармадан

ШЫҢДАЛҒАН БІЛІКТІ МАМАН

ҚР ҰҚК ШҚ ШҚО бойынша департаменті Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасының медициналық қамтамасыз ету бөлімінің медағасы, кіші сержант Бекжан Абзалбеков – шекара аймағында қызмет атқарып жүрген әскери қызметшілердің медициналық қамтамасыз етілуіне жауапты білікті мамандардың бірі.

Кіші сержант Абзалбеков Бекжан медицина саласына ерте кезден қызығушылық танытып, фельдшер мамандығын игерген соң еңбек жолын азаматтық емдеу мекемелерінде бастаған. Алғашқы кәсіби тәжірибесін өңірдегі денсаулық сақтау ұйымдарында жинақтаған ол өзін жауапкершілігі жоғары, балалар мен ересектерге жедел және алғашқы медициналық көмек көрсете алатын маман ретінде көрсетті. Қоғамға пайдасын тигізуді мақсат еткен ол 2015 жылы жауапты шешім қабылдап, әскери қызметке орналасты. Осылайша ҚР ҰҚК Шекара қызметінің құрамына қабылданып, өзінің кәсіби жолының жаңа кезеңін бастады.

Әскери-медициналық дайындықтан өткеннен кейін ол санитарлық нұсқаушы ретінде шекара бөлімдерінде қызмет атқара бастады. 2017 жылдан бастап Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты шекара бөлімшелерінде санитарлық нұсқаушы болып қызмет атқарып, бірнеше жыл бойы шекарашылардың денсаулығын қорғауға үлес қосты. Оның кәсібилігі, кез келген жағдайда жылдам әрекет ете білуі, сарбаздармен тіл табысып, олардың жағдайын үнемі бақылауда ұстауы – қызмет барысында ерекше бағаланған қасиеттердің бірі. Әскери ортада медициналық қызметкерлер тек маман ғана емес, сарбаздардың жанашыры, ақылшысы, сенімді тірегі

болуы керек. Бекжан Абзалбекұлы осы міндетті абыроймен атқарып келеді.

2018 жылдан кейін ол Өскемен қаласындағы жедел-жәрдем бөлімшесінде фельдшер болып жұмыс істеп, өзінің білімін одан әрі шыңдады. Күнделікті түрлі шақыртуларға барып, өміріне қауіп төнген адамдарға алғашқылардың бірі болып көмек көрсету – оның тәжірибесін жаңа деңгейге көтерді. Жедел медициналық көмек көрсету дағдыларының шыңдалуы кейін шекара қызметіне қайта оралғанда үлкен артықшылыққа айналды. Себебі шекара жағдайында кез келген күтпеген жағдай орын алуы мүмкін, ал мұндай кезде шұғыл әрекет ету қабілеті өте маңызды.

Кіші сержант Бекжан Абзалбеков – өз ісіне адал, кәсібилігімен ерекшеленетін, тәжірибесі мол, шекара бөлімдерінде жоғары сұранысқа ие маман. Оның еңбегі шекарашылардың денсаулығын сақтауға, қызметтің үздіксіз әрі қауіпсіз орындалуына, жауынгерлік тапсырмалардың ойдағыдай жүзеге асуына ықпал етіп келеді. Өзіндік еңбек жолы, жинаған тәжірибесі мен кәсіби біліктілігі арқылы ол Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметінің медициналық қамтамасыз ету жүйесінің маңызды буындарының бірі саналады.

Подполковник Ф. БАКЕТОВ, «OS-ЧР».
Сурет басқармадан



Юрий Гафаров 1985 жылы Торғай облысы Жақсы ауданындағы Жақсы ауылында дүниеге келген. Балалық шағы да осы ауылда өтті. 2003 жылы мектепті аяқтаған соң Қазақстан Республикасы ҰҚК әскери институтына түсіп, болашақ өмірін әскермен байланыстырды. 2007 жылдың тамызында институтты тәмамдағаннан кейін жас офицер «Оңтүстік» өңірлік басқармасына қарасты Сарыағаш шекара жасағының «Төңкеріс» шекара заставасы бастығының орынбасары болып тағайындалды. Қысқа уақыт ішінде өз ісіне жауапкершілігімен және талапшылдығымен танылып, білікті офицер ретінде көзге түсті.

2009 жылдың наурызында «Жетісай» шекара жасағының «Жаңа ауыл» бөлімшесінің бастығы лауазымына тағайындалғаннан кейін оның басшылығымен бөлімше қызметтік-жауынгерлік жұмыстың барлық бағыты бойынша жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Осы көрсеткіштері үшін Юрий Васильевич пен оған бағынышты жеке құрам бірнеше мәрте өңірлік басқарма және Шекара қызметі басшылығының марапаттарына ие болды.

2011 жылдан 2015 жылға дейін ол Жеке инженерлік-саперлік батальонның штабында аға офицер ретінде қызмет атқарып, төрт жыл ішінде басқарманың ең үздік офицерлерінің бірі ретінде танылды. Шекара ісіне қосқан үлесі үшін Шекара қызметі директоры мен ҰҚК Төрағасы тарапынан да бірнеше рет марапатталды.

2015–2018 жылдары Қордай шекара отрядының «Бетқайнар» шекара бөлімшесі штабының бастығы қызметін атқарды. Мұнда да барлық көрсеткіштер бойынша алдыңғы қатардан көрініп, нәтижесінде 2018 жылдың желтоқсанында Атырау шекара жасағының «Құрманғазы» шекара комендатурасының коменданты болып тағайындалды. Оның жетекшілігімен ко-

ҮЗДІК ЖЕДЕЛ КЕЗЕКШІ

2025 жылдың қорытындысы бойынша ҰҚК Шекара қызметі шекаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде жоғары кәсібилік көрсеткен үздік мамандарды анықтады. Биыл «Үздік жедел кезекші» атағы Түркістан облысы бойынша департаменттің жауынгерлік кезекшілік және ахуалдық ақпараттандыру басқармасының офицері подполковник Юрий Васильевич Гафаровқа берілді.

мендатура 2019 жылы өңірлік басқармасы бойынша үздік деп танылды.

2023 жылдың қаңтарынан бастап подполковник Гафаров Түркістан облысы бойынша департаменттің жауынгерлік кезекшілік және ахуалдық ақпараттандыру басқармасында қызметін жалғастыруда. Ол жүктелген міндеттерді сапалы орындап, жауынгерлік кезекшілік ұйымдастыру ісіне айтарлықтай үлес қосты. Кәсібилігі үшін бірнеше рет Шекара қызметінің жедел-кезекші қызметінің үздік мамандары қатарында болды.

2025 жылға жасалған талдау нәтижелері бойынша, сондай-ақ Түркістан облысы бойынша департаменттің жауапкершілік аумағындағы жағдай туралы ақпаратты жедел, нақты және толық көлемде ұсынудағы біліктілігі мен қабілетін ескере отырып, подполковник Юрий Гафаров ҰҚК Шекара қызметінің аумақтық бөлімшелері арасындағы «Үздік жедел кезекші» деп танылды. Бұл марапат – оның көпжылдық қызметіне, шекара қауіпсіздігін нығайтуға қосқан елеулі үлесіне берілген әділ баға.

Лейтенант
А. КИРГИЗБАЕВ, «OS-ЧР».
Сурет басқармадан.



«МОГИКАННЫҢ СОҢҒЫ ТҰЯҒЫ»

НЕМЕСЕ ҮЗДІК МАМАН ТУРАЛЫ БІР ҮЗІК СЫР

Департаменттің әскери клубы. Мұнда бүгін ерекше шара өткелі жатыр. Әсіресе, 2025 жылдың ішіндегі ерен еңбегімен дараланған әскери қызметшілер ерекше толқыныс үстінде. Өйткені, санаулы сәттерден соң оларды ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің бастығы полковник Әлібек Каюпов марапаттайтын болады. Солардың бірі, прапорщик Қанат Асрандиннің жүзінен қуаныштың табын байқамау мүмкін емес...



полковник Тұрғанбек Стамбековті даралап айтар едім... Сардардың қызметі ел шебінде өтті. Үнемі жел өтінен табылатын Тұрғанбек ағаға қарап бой түзедік. Командирдің атына дақ түсіру – біз үшін сын болатын.

Мен сол кездегі маневрлік топтың құрамында шекараға аттанып, үйдің бетін көрмей кететін сәттер жиі болып тұратын. Шынымды айтсам, кей-кейде шекара шебіндегі күндерімді сағынатыным бар...

Иә, Қанат дұрыс айтып тұр еді. Ел шебінің тынысына құлақ түріп, тыныштығының алдамшы екенін жанымен түйсінген шекарашы ғана өзінің шекарада өткен күндерін ешқашан ұмытпайды.

...2025 жылды қорытқан салтанатты рәсімде қызметімен дараланған әскери қызметшілер ортаға шақырылып, департамент бастығының қолынан грамота алып жатты. Әйел әскери қызметшілерге грамотаға қоса, гүл шоқтарын ұсынған Әлібек Амангелдіұлы «Томирисің» сіңлілеріне ерекше ілтипат көрсеткен.

Ал департаменттің «Құпия іс жүргізудің үздік маманы» номинациясын жеңіп алған прапорщик Қ.Асрандин бұл атаққа өз бөлімшесінде құпия іс қағаздарын жүргізудің жаңа стандарттарын енгізіп, құжат айналымын жүйелеу жұмыстарына ерекше үлес қосқаны үшін қол жеткізіп отыр.


Осы жерде мен мақаламның бас кейіпкері Қанат Ерқабылұлын «Могиканның соңғы тұяғына» теңегім келген... Неге? Өйткені, қазір «прапорщик» деген әскери атақ жоқ. Ұмытпасам, 2005 жылдан бастап. Сондықтан да бүгінде Шекара қызметінің сапында жүрген прапорщиктер өте аз. Есесіне, олар өздерінің әскери атақтарын мақтаныш етеді...

Біздің шекарашы туралы тағы айтарымыз, ол бес ұл-қыздың әкесі. Өмірлік етіп таңдаған аяулы жары, шекарадағы сенімді тірегі бола білген жолдасы мектепте ұстаздық етеді. Демек, бір кездері шекарашыларға қарап бой түзеген әкелері секілді Қанаттың перзенттері де «Тау баласы тауға қарап еседі» деген қағидаттың өміршең екенін пісенттей түсер. Мұны енді болашақ көрсетеді. Ал біз департаменттің мақтанышына айналған әскери қызметшіні атағымен құттықтаймыз!

Әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.

БЫТЬ ПОГРАНИЧНИКОМ – НЕ ПРОСТО РАБОТА

На защите покоя и стабильности Казахстана стоят люди, для которых служба – не просто профессия, а ежедневный осознанный выбор. Среди таких военнослужащих – младший сержант Артур Патрушев, проходящий службу в Департаменте ПС по Костанайской области. Его имя хорошо известно в коллективе: трудолюбие, принципиальность и ответственность давно стали его визитной карточкой.



С апреля 2023 года Артур Сергеевич служит в отделе боевого дежурства и ситуационного информирования. Здесь каждая минута имеет значение, а любая неточность может иметь последствия. Именно поэтому среди коллег он заслужил репутацию военнослужащего, которому можно доверять. Младший сержант 25 раз был отмечен как отличившийся оператор боевого дежурства, а по итогам 2025 года признан лучшим оператором среди подразделений боевого дежурства и ситуационного информирования ПС.

Артур родился в 1997 году в поселке Карабалык. После окончания школы он прошел срочную службу в составе СГО в 2017-2018 годах, а уже в ноябре 2018 года связал свою жизнь с Пограничной службой. Особое место в его биографии занимает государственный язык: владеет им свободно, ведь изучал казахский как в школе, так и дома. Мать Артура казашка и с детства прививала уважение к родному языку.

Надежным тылом для младшего сержанта является его семья – супруга Ирина Алексеевна и трехлетний сын Карим, которые поддерживают его служебный путь.

Помимо повседневной работы, Артур активно участвует в мероприятиях, посвященных государственному языку. В конкурсах и викторинах он всегда показывает высокий уровень подготовки, подавая пример молодым военнослужащим и демонстрируя, что любовь к Родине проявляется не только в службе, но и в уважении к языку и традициям страны.

– Быть пограничником – это не просто работа. Это воспитание, которое мне дала семья, и верность своей стране, – отмечает младший сержант Артур Патрушев.

Сегодня, когда стабильность и безопасность государства требуют слаженной работы всех служб, такие военнослужащие, как Артур Патрушев, являются примером настоящего служебного долга. Их ежедневный труд остается незаметным для широких масс, но именно он делает границу надежной, а страну – спокойной.

Старший лейтенант Н. САКЕН, «OS-ЧР».
Фото из личного архива А. ПАТРУШЕВА.

ШЕКАРАҒА АДАЛ ЕГІЗ ТАҒДЫР

Қазақ елінің шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету – тек кәсіби міндет ғана емес, бұл – жүрек қалауымен таңдалған қасиетті жол. Осындай жауапты қызметті тағдырларымен де, таңдауларымен де қатар алып келе жатқан егіз офицерлер – майорлар Дархан мен Дастан Бектұрсыновтар. Олардың өмір жолы, қызметке деген адалдығы мен табандылығы бүгінде жас офицерлерге үлгі, ел қорғаны болудың айқын көрінісі.

Дархан мен Дастан Сәрсенұлдары 1990 жылы Алматы облысы Райымбек ауданының Нарынқол ауылында, дәрігерлер отбасында дүниеге келді. Әкелері – хирург, аналары – туберкулез диспансерінде еңбек еткен дәрігер. Отбасындағы жауапкершілік, адам өміріне деген құрмет пен адал еңбекке баулу болашақ офицерлердің мінез-құлқы мен өмірлік ұстанымдарының қалыптасуына берік негіз қалады.

Егіздер 1997–2008 жылдар аралығында Алматы қаласындағы №141 физика-математика бағытындағы орта мектепте білім алды. 2008 жылы Дархан мен Дастан Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі Академиясына оқуға түсіп, 2012 жылы аталмыш жоғары әскери оқу орнын әскери психолог, басқару саласының офицері мамандығы бойынша табысты аяқтады.

Академияны бітіргеннен кейін әрқайсысы түрлі шекара басқармаларына қарасты шекара бөлімшелерінде қызмет атқарып, уақыт өте келе офицерлік шеберлігін шыңдады. Шекара бөлімшесі мен басқару құрылымдарында жинақтаған тәжірибе олардың кәсіби тұрғыдан



толысуына жол ашты. Жеке құраммен жұмыс, жауынгерлік дайындықты ұйымдастыру және басқару бағыттарындағы жүйелі еңбегі басшылық тарапынан жоғары бағаланды.

Арада бірнеше жыл өткеннен кейін тағдырлы ұқсастық тағы да тоғысып, бүгінде егіз офицерлер Дархан мен Дастан Бектұрсыновтар Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінде бірлесіп қызмет атқарып келеді.

Қазіргі таңда олар департамент деңгейінде шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жеке құрамның кәсіби әлеуетін арттыру, жауынгерлік дайындықты жетілдіру және жауынгерлік кезекшілік бағытында еңбек етуде. Егіз офицерлердің жинақтаған тәжірибесі мен бір-бірін сөзсіз түсінуі күрделі қызметтік міндеттерді тиімді орындауға мүмкіндік береді.

Бектұрсыновтар қызмет жолында адалдықты, офицерлік ар-намысты және кәсіби жауапкершілікті басты қағида етіп ұстанады. Олардың өмір жолы – Отанға қызмет етудің, әскери антқа беріктіктің және шынайы патриотизмнің жарқын үлгісі.

Егіз тағдыр, ортақ мақсат, бір Отанға адал қызмет – бұл Бектұрсыновтар әулетінің басты ұстанымы. Осындай азаматтардың арқасында еліміздің шекарасы берік, тәуелсіздігіміз нық бола бермек.

Подполковник **Ф. БАКЕТОВ**, «OS-ЧР».
Сурет департаменттен.

ТАҒДЫРҒА АЙНАЛҒАН ҚЫЗМЕТ

Мемлекеттің тыныштығы мен елдің амандығы ең алдымен шекарадан басталады. Сол қасиетті шепте күн-түн демей қызмет етіп жүрген азаматтардың бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы департаментінің Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасында күзет тобының старшинасы прапорщик Ульфат Бейсенбаев.



Ол – шекара қызметін тағдырына балап, саналы ғұмырын ел қауіпсіздігіне арнаған әскери қызметші.

Ульфат Манапұлы 1980 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан қаласында дүниеге келді. Балалық шағы шекараға жақын өңірде өтіп, туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілік оның өмірлік ұстанымына айналды. Мектеп қабырғасынан кейін әскер қатарына шақырылып, алғашқы әскери дайындығы Зайсан өңіріндегі оқу орталығында өтті. Сол кезден бастап оның өмір жолы шекара қызметімен тығыз байланысып, бір салада табандылықпен жалғасты.

Көп жылғы әскери қызмет барысында ол шекара бөлімшелерінде түрлі бағытта еңбек етіп, тәжірибелі маман ретінде қалыптасты. Қай лауазымда болмасын, өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқарып, тәртіп пен жауапкершілікті басты қағидасы етті. Шекара шебіндегі қызмет тек кәсіби

дайындықты ғана емес, төзімділік пен адалдықты талап ететінін ол күнделікті ісімен дәлелдеп келеді. Бүгінде прапорщик У. Бейсенбаев Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасында күзет тобының старшинасы ретінде ел тыныштығын күзету ісіне өз үлесін қосуда.

Қызмет пен адамгершілікті қатар ұстанған әскери қызметшінің өмірінде отбасының орны ерекше. Ол – үш баланың әкесі, өнегелі отбасы иесі. Жұбайы да шекара қызметі саласында еңбек етіп, бір мақсат, бір мұрат жолында жұбайымен қатар қызмет атқарып келеді. Бұл – әскери әулетке тән бірлік пен өзара түсіністіктің айқын көрінісі.

Ульфат Манапұлының өмір жолы – шекара қызметін таңдаған жас сарбаздарға үлгі. Оның еңбек жолынан елге адал қызмет етудің, бір іске тұрақтылықпен берілудің, Отан алдындағы борышты абыроймен өтеудің айқын бейнесін көруге болады. Осындай азаматтардың қажырлы еңбегі арқасында мемлекет шебі берік, ел іргесі тыныш.



Подполковник **Ф. БАКЕТОВ**, «OS-ЧР».
Сурет департаменттен.

ПРИМЕР СПЛОЧЕННОСТИ И ВЗАИМНОЙ ПОДДЕРЖКИ

Что чувствует мужчина, когда после службы его встречают восемь дочерей? Для военнослужащего Департамента ПС КНБ по Костанайской области это не просто семейное счастье, а источник сил, внутренней опоры и уверенности в завтрашнем дне.



Герой статьи – ефрейтор Ерик Сатаев родился в 1988 году в селе Балыкты Мендыкаринского района. Он вырос в дружной и трудолюбивой семье, где с детства прививались уважение к старшим, ответственность и любовь к Родине.

В 2006 году парень окончил Краснопресненскую среднюю школу и до поступления на службу в Департамент ПС КНБ по Костанайской области принял осознанное решение исполнить свой воинский долг. В 2008-2009 годах Ерик Дошарович проходил срочную службу в воинской части 2086 на пограничной заставе «Шаган-Тогай», где получил первые профессиональные навыки.

С апреля 2011 года ефрейтор Е. Сатаев связал свою судьбу с Пограничной службой, поступив на военную службу по контракту в воинскую часть 2031. Служебный путь начал на заставе Бозбие в должности младшего радиотелефониста. В дальнейшем проходил службу в контрольно-пропускном пункте «Кайрак».

С декабря 2013 года и по настоящее время он добросовестно несет службу в подразделении «Убаган» – автомобильном пункте пропуска пограничного контроля в должности контролера.

За строгой формой и служебной выправкой – человек с большим сердцем и надежным семейным тылом. В 2011 году он

создал семью с супругой Сымбат, уроженкой Узункольского района. Сегодня в семье Сатаевых воспитываются восемь дочерей.

– Когда возвращаюсь домой после смены и вижу дочерей, вся усталость уходит. Именно семья придает силы служить честно и ответственно, – рассказывает пограничник.

Особым событием для семьи стало рождение в 2025 году двойни – Акерке и Жанерке. Примечательно, что проходя службу в пункте пропуска и не раз встречая близнецов среди пересекающих государственную границу, он мечтал, что когда-нибудь и в его семье появятся двойняшки. Эта мечта сбылась, приумножив семейное счастье.

– Восемь дочерей – это не трудность, а большая ответственность и настоящее счастье. Я благодарен судьбе за такую семью, – отмечает он.

Сегодня эта семья – пример сплоченности, взаимной поддержки и уважения. Дочери растут дружными, поддерживают друг друга, а отец остается для них примером верности воинскому долгу и настоящих семейных ценностей.



Старший лейтенант **Н. САКЕН**, «OS-ЧР».
Фото автора.

ТАЗАЛЫҚ ЖАРШЫСЫ

Шекара қызметіндегі табыс пен тұрақтылық – тек қырағы күзет пен әскери тәртіпке ғана емес, сондай-ақ сол жерде еңбек етіп жүрген қарапайым да адал жандарға байланысты.

Шекара бөлім, бөлімшелерінің сырт көзге көрінбейтін, бірақ күнделікті өмірін қамтамасыз етіп отырған жұмысшылар бар.

Солардың бірі – өзінің қарапайымдылығы мен табандылығы арқылы абыройға бөленген, ҚР ҰҚК ШҚ Ақтөбе облысы бойынша департаментінің тәжірибелі қызметшісі Сәуле Ергалиева.

Сәуле Сұлтанқызы 1964 жылы Түркіменстан Республикасы, Ташауыз облысы, Тақты ауданының Ленин ауылында дүниеге келген. Қарапайым ауылда өссе де, бала кезінен жауапкершілігімен ерекшеленіп, үлгі боларлық мінезімен көзге түсті. Кейіннен, Қазақстан Республикасына қоныс аударды. Ақтөбе облысы, Хобда аудандық орта мектебін 1981 жылы ойдағыдай тәмамдап, 1985 жылы Темір совхоз техникумының есепші мамандығын оқып бітірген.

2008 жылдан бастап Сәуле Ергалиева, ҚР ҰҚК Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаментінде 18 жылға жуық қызмет атқарып келеді. Жұмысқа алғаш кіріскен күннен-ақ ол өз кәсібилігімен, ұқыптылығымен және тиянақтылығымен көзге түсіп, ұжымға тез сіңісіп кетті. Қызметке деген адалдығы мен еңбекке сүйіспеншілігі оны әріптестері арасында сыйлы етті. Нағыз тазалық жаршысы департамент басшылығы кабинеттерінің тазалығына жауап береді.

Сәуле Султановна 1991 жылы отбасын құрып, бүгінде бір баланың ардақты анасы. С. Султановна ұжымның сыйлы мүшесі



ғана емес, оның жылы жүзділігі, қарапайым мінезі және әр істе әділдігі өзгелерге үлгі болып отыр. Кәсіби қызметіндегі адалдығы мен жүйелі жұмысы үшін бірнеше мәрте басшылық тарапынан алғыс хаттар мен марапаттарға ие болған. Бұл марапаттар – оның еңбегіне берілген лайықты баға әрі көп жылғы адал қызметінің айқын дәлелі.

Шекара тыныштығы айбынды күнқағарлармен қатар дәл осындай адал жанкешті қызметкерлердің еңбегімен қамтамасыз етіледі. Бұл – сырт көзге қарапайым көрінгенімен, ел қауіпсіздігі үшін қосылған зор үлес.



Аға лейтенант
Ж. ШАРМАКОВ,
«ОС-ЧР». Суретті
түсірген автор.

АДАЛ ҚЫЗМЕТ – ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМ

Табандылық пен адалдықты талап ететін абыройлы міндетті, өмірлік ұстанымына айналдырған қызметшінің бірі – Түркістан облысы, Қазығұрт ауданында ШҚ Түркістан облысы бойынша департаментіне қарасты «Тұрбат» шекара бөлімшесінің от жағушысы қызметші Жолдыбай Абдуллаев.

Жолдыбай Абдуллаев 1978 жылғы 1 қыркүйекте Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Тұрбат елді мекенінде дүниеге келген. Білім жолын туған ауылынан бастап, кейіннен Қазығұрт елді мекеніндегі жалпы мамандандырылған колледжде механизатор-тракторшы мамандығын игерді. 1990 – 1992 жылдары Ұлттық Ұлан қатарында әскери борышын өтеп, тәртіп пен жауапкершіліктің маңызын терең түсінді. Әскерден кейін ауыл шаруашылығы мен құрылыс саласында еңбек етіп, 2008–2010 жылдары «Тұрбат» шекара бөлімшесінің салыну кезеңінде құрылыс жұмыстарында белсенді қызмет атқарды.

2010 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін «Тұрбат» шекара бөлімшесінің от жағушысы қызметін абыроймен атқарып келеді. Қызмет барысында бөлімшенің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге және тұрмыстық жағдайдың қалыпты деңгейде болуына сүбелі үлес қосып жүр. Ұжым арасында еңбекқорлығы және жауапкершілігімен ерекшеленеді. Адал қызметі мен кәсіби шеберлігі бірнеше мәрте жоғары бағаланып, түрлі деңгейдегі грамоталармен марапатталған.

Отбасы – оның өміріндегі басты құндылықтардың бірі. Үш ұл тәрбиелеп отырған ардақты әке ретінде ол ұрпағына адал еңбек пен Отанға қызмет етудің өнегесін көрсетіп келеді. Жұбайы Динара Абдуллаева да еңбек жолын шекара саласымен байланыстырып, қазіргі таңда «Тұрбат» шекара бөлімшесінде аспазшы қызметін атқаруда.

Жолдыбай Мамырұлының өмір жолы



– мемлекеттік шекараны қорғау ісінде тек қарумен ғана емес, адал еңбекпен, жауапты көзқараспен де елге қызмет етуге болатынын айқын дәлелдейді. Мұндай азаматтар – шекара қызметінің берік тірегі, ұжымның сенімді сүйеніші.



Майор
Р. АСАДИЛОВ,
«ОС-ЧР».
Сурет шекара
бөлімшесінен.

ПРОШЛИ ПРОВЕРКУ НА ПРОЧНОСТЬ

В г. Алматы прошли соревнования на звание лучшего водителя Пограничной службы. В борьбу вступили сильнейшие 18 команд, 36 профессионалов, прошедших суровый отбор в своих подразделениях. Это были не просто состязания, а проверка характера, выдержки и настоящей воинской выучки.

Команда Департамента ПС по Северо-Казахстанской области выступила достойно и уверенно, заняв почетное второе общекомандное место. За этим результатом – труд, дисциплина и люди, для которых служба Родине стала делом жизни.

Сержант Алибек Кокушов – один из тех, кого называют военнослужащим старой закалки. Он родился 3 августа 1985 года в Булаевском районе в селе Беньаш, где с детства учат ценить землю, слово и труд. В Пограничную службу он пришел в 2007 году и с тех пор остается верен выбранному пути.

Образование, полученное в гуманитарно-техническом колледже г. Петропавловска по специальности «таможенное дело», дало ему глубокое понимание задач, стоящих на рубежах государства. Но главное – это годы практики, сотни километров пограничных дорог и тысячи часов за рулем служебной техники. Спокойный, собранный, требовательный прежде всего к себе, сержант А. Кокушов – тот самый человек, о котором командиры говорят коротко и веско: «Надежный».

Не менее ярко проявил



себя и младший сержант Азамат Жумагалиев. Уроженец села Караагаш Есильского района родился 29 августа 1992 года. По образованию агроном, выпускник Покровского сельскохозяйственного колледжа, в Пограничную службу пришел 9 января 2015 года. Этот путь – осознанный выбор человека, для которого служба Родине стала делом чести. Земля, на которой он вырос, научила его терпению и ответственности, а воинская служба – дисциплине и решительности.

Как старший водитель, младший сержант А. Жумагалиев не только уверенно управляет техникой в самых сложных условиях, но и передает опыт молодым военнослужащим, формируя ту самую преемственность поколений, без которой невозможна сильная армия и надежная граница.

На соревнованиях в Алматы оба военнослужащих показали себя как настоящие универсальные бойцы. Бег на 3 км, подтягивание, метание гранаты, теоретические

знания ПДД, сложнейшие элементы практического вождения – все это требовало не только физической подготовки, но и холодного расчета, выдержки, умения принимать решения за доли секунды.

Их выступление – это результат системной подготовки, личной дисциплины и искренней преданности Присяге. Это пример для молодых пограничников, которые только встают на службу и смотрят на старших товарищей как на ориентир.

Сегодня, когда Пограничная служба стоит на страже спокойствия страны, именно такие военнослужащие являются ее надежной опорой. Люди, которые уверенно ведут технику вперед – туда, где начинается граница и заканчиваются сомнения.



Майор
Д. МУКАЖАНОВА,
«ОС-ЧР».
Фото автора.

ЖАРКЕНТКЕ ЖАСАЛҒАН ТАНЫМДЫҚ САПАР

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасының оқу орталығы базасында білім алып жатқан шекарашылар үшін Жаркент қаласының көрікті жерлеріне мәдени-танымдық шығу ұйымдастырылды. Шараның басты мақсаты – жеке құрамның рухани дүниетанымын кеңейтіп, тарихи мұраға деген құрметін арттыру.



Экскурсия барысында әскери қызметшілер ең алдымен XIX ғасырда салынған, республикалық маңызы бар сәулет ескерткіші – Жаркент қаласының орталық мешітіне барды. Бірде-бір шеге қолданылмай тұрғызылған ғимарат халқымыздың сәулет өнері мен шеберлігінің жоғары деңгейі. Одан кейін олар қазақтың әйгілі суретшісі, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері, Жаркент өңірінің тумасы Әбілхан Қастеевтің мұражайын аралап, қылқалам шеберінің туындылары мен тұрмыстық бұйымдарымен танысты.

Сапар әрі қарай елімізге кеңінен танымал «Жаркент-Арасан» емдік-сауықтыру кешенінде жалғасты. Әскери қызметшілер Панфилов ауданының көркем таулы табиғатын тамашалап, минералды элементтер мен дәрумендерге бай шипалы су көзінен дем татты. Сонымен қатар жергілікті халық арасында аңызға айналған қасиетті «Әулие ағашқа» барып, көне наным-сенімдер мен тарихи деректерге қанықты.

Экскурсияның соңғы бағыты – «Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы болды. Мұнда әскери қызметшілер отандық және шетелдік инвесторлар жұмыс істеп жатқан өндіріс орындарының қызметімен танысты. Атап айтқанда, «Preal» жөргек шығару зауыты, күн батареяларын өндіретін «Miami» кәсіпорны және «Massoffee & Mastea» зауытына барды. Бұл сапар шекарашыларға өңірдің экономикалық даму бағытын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Жалпы, Жаркент қаласының тарихи-мәдени нысандарын аралау әскери қызметшілер үшін мазмұнды әрі тағылымды болды.



ҚР Журналистер одағының мүшесі
подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ,
«OS-ЧР». Сурет
шекара бөлімшесінен.

ВЕСЕЛЫЕ И НАХОДЧИВЫЕ

Организатором мероприятия выступило РОО «Комитет солдатских матерей «Сердца матерей» и Департамент по делам обороны.

В борьбе за звание лучших сразились девять команд от Министерства обороны, Пограничной службы КНБ и Национальной гвардии.

В состав жюри вошли известный актер, шоумен и блогер Айдар Каримбаев, депутат Мажилиса по Мангистауской области Абзал Габитулы, военный прокурор Актауского гарнизона Сайан Акиров и директор кинотеатра «Kinoplex Aktau» Кенжегали Аскарганович.

Главная цель конкурса – укрепление морально-психологического состояния личного состава, повышение сплоченности и развитие навыков командного взаимодействия.

Состязание состояло из двух этапов: приветствия и домашнего задания. На первом этапе конкурсанты представили себя и свою службу, проявив находчивость и чувство юмора. Во втором – показали заранее подготовленные миниатюры, отражающие армейские будни, товарищество и собственное видение службы.

По словам руководителя областного филиала РОО «Комитет солдатских матерей «Сердца матерей» Гульмиры Жанысбаевой, для многих солдат участие в КВН стало способом проявить себя, раскрыть творческие способности и почувствовать себя частью единой команды.

– Через творческие проекты мы улучшаем морально-психологическое состояние военнослужащих и укрепляем их уверенность. Юмор помогает снять напряжение, а совместная подготовка делает коллектив сплоченнее, – подчеркнула она.

По итогам конкурса третье место разделили команда Военно-морских сил «Жұлдызды жігіттер» и воинской части 3502 Национальной гвардии «Әзіл батальоны». Второе место заняла команда «Морпех бүркіттері» из бригады морской пехоты. Обладателем кубка стала команда «Шекара қорғандары» Департамента ПС КНБ по Мангистауской области.

Капитан А. ЖАНАЛИПОВ, «OS-ЧР».
Фото автора.

В Актау в областной филармонии им. М. Оскинбаева состоялся КВН среди воинских частей Актауского гарнизона.



ЖАС ШЕКАРАШЫЛАР ЖАРЫСЫ

11 желтоқсанда Астана қаласы Төлеген Айбергенов атындағы №16 мектептің спорт залында алғаш рет ұйымдастырылған «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубының спорттық сайысы жас буын үшін есте қаларлық күн болды. Бұл сайыс Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай өткізілді. Клубтың кураторы әрі мақала авторы ретінде біз де балалармен бірге толқыдық: алғаш рет қолға алынған шараның мәні терең, жауапкершілігі зор екенін жақсы түсіндік.

Дегенмен дәл осындай мерекелі күні жасөспірімдерге жаңа серпін беретін, рухын көтеретін сайыс ұйымдастыруды ерекше қаладық.

Бұл — мектеп қабырғасында өткізілген алғашқы әскери-спорттық форматтағы шара. «Жас шекарашы» клубы ұйымдастырған бұл бастама 2025 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әскери-патриоттық тәрбие, әскери қызмет және жекелеген орталық мемлекеттік органдардың функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң аясында жүзеге асты және республикалық қоғамдық бірлестігі «Застава тарландары» шекарашы ардагерлер ұсынысымен қолдау тапты. Осылайша, жасөспірімдер тәрбиесіндегі маңызды бағыт жаңаша мазмұнмен толықты.

Сайыс Мемлекеттік Туды салтанатты түрде алып шығумен және Әнұранды орындаумен ашылды.

Бұл сәттің өзі балалардың жүрегіне отаншылдық сезімін ұялатқандай болды. Жарыстың қазылар алқасында «Застава тарландары» РҚБ ардагерлері — запастағы полковниктер Ж. Мадединов пен Ж. Әбенов болды. Ардагерлердің салтанатты формада келуі балалар үшін үлкен әсер қалдырды, олар шынайы шекарашы бейнесін көріп, тәртіп пен бауырлықтың мәнін жақсырақ ұғынды. Ардагерлер жарысқа қатысушыларды құттықтап, өз өмірлік тәжірибелерінен жылы сөздер айтты.

Бұл жолғы сайысқа 7-сынып оқушылары қатысты. Олар үшін бұл шара — жаңа эмоциялар мен жаңа жауапкершіліктің мектебі болды. Өз қатарластарының формадағы ретті жүрісі, тәртіпке сай әрекеті жасөспірімдерді жігерлендіріп, өздерін де солардай тәртіпті болуға ынталандырды. Мұндай жарыстар оқушыларды ұйымшылдыққа, бір мақсатқа топтасуға және бір-бірін қолдауға үйрететіні



сөзсіз. Жарыс бағдарламасы арқан тарту, тартылу, қолды бүгіп-жазу, пресс жаттығулары және командалық эстафетадан тұрды. Әр сынып өз намысын қорғап, бар күшін салып, нағыз командалық рухтың қандай болатынын көрсетті. Балалардың көзіндегі жанып тұрған жігер

— бұл сайыстың ең басты нәтижесі. Жеңімпаздар кубоктармен және грамоталармен марапатталды. Олар үшін бұл жүлделер — тек марапат қана емес, өздеріне деген сенім мен жаңа мақсаттарға бастайтын алғашқы қадам. Мұндай бастамалар жас ұрпақ бойына ұйымшыл-

дықты, тәртіпті және Отанға деген сүйіспеншілікті дарытуда үлкен рөл атқаратыны анық. Алдағы уақытта да бұл дәстүр жалғасын табады деп сенемін.

Подполковник Ж. КЕМЕЛ, «OS-ЧР». Суреттерді түсірген қатардағы А. НУКЕШОВ.

— АШЫҚ ЕСІК КҮНІ —

ЖАС ҰРПАҚ ТАЛҒАМЫ

Іс-шараға облыс мектептерінен 100-ден астам оқушы қатысып, шекарашылардың күнделікті қызметімен, жауынгерлік міндеттерді орындау ерекшеліктерімен, сондай-ақ заманауи қару-жарақ пен әскери техниканың мүмкіндіктерімен жақыннан танысты. Жасөспірімдер үшін бұл — әскери өмірді өз көздерімен көріп, Отан қорғау қызметінің жауапкершілігін сезінуге берілген үлкен мүмкіндік болды.

Шара барысында қатысушыларға ҚР ҰҚК Шекара академиясына түсу тәртібі, қабылдау талаптары, оқу бағдарламасы мен әскери оқу орындарындағы кәсіби дайындық деңгейі туралы жан-жақты ақпарат берілді. Бұл мәліметтер болашақта әскери қызметті таңдауға ниетті жастар үшін аса пайдалы болды. Салтанатты кездесуге «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігінің ардагерлері мен «Жас шекарашы» әскери-патриоттық үйірмесінің белсенді мүшелері де қатысып, жас буынмен өз өмірлік және қызметтік тәжірибелерімен бөлісті.

Қазақстан Республикасының Президенті өз сөздерінде патриоттық тәрбие — ел болашағының берік іргетасы екенін, ал Отанды қорғау — әрбір азаматтың қасиетті борышы екенін үнемі атап өтеді. Мемлекет басшысы

Жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік рухты сіңіру, елге адал қызмет етуге баулу — бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі. Жақында ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Қызылорда облысы бойынша департаментінде жасөспірімдердің әскери-патриоттық тәрбиесін нығайту және шекара қызметінің маңызын кеңінен түсіндіру мақсатында «Ашық есік» күні ұйымдастырылды.



жастардың бойында елге деген сүйіспеншілік, заңға құрмет пен жауапкершілік қалыптастыруды ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бағыты ретінде қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда, шекара қызметінде өткізілген «Ашық есік» күні Президент ұстанымдарымен толық үндес келеді. Жыл басынан бері ұйымдастырылған осындай іс-шаралар 300-ге жуық жасөспірімнің қызығушылығын арттырып, олардың әскерге және шекара қызметіне деген оң көзқарасын қалыптастыруға елеулі үлес қосты.

«Ашық есік күні» — жас ұрпақтың бойында Отан қорғауға деген сүйіспеншілікті нығайтып, шекарашы мамандығына деген ынтасын арттыратын маңызды әрі тағылымды кездесулердің бірі. Мұндай шаралар ел қауіпсіздігін қамтамасыз ететін болашақ мамандарды тәрбиелеуде ерекше рөл атқарады.

Аға лейтенант Ә. ТӨЛЕБАЙ, «OS-ЧР». Суретті түсірген автор.

OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті
Меншік иесі:
Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі
Редакцияның мекенжайы:
Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63.
Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38
Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57
Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56
E-mail: smi_pogran@mail.ru
ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты:
gov.kz/memleket/entities/shekaraknb

Бас редактор: Рахат Нурғалиев
Редактор: Азамат Муханов
Жауапты хатшы: Еркін Қайбуллин
Тілшілер: Жанар Кемел, Олжас Жақсылықов,
Айдос Киргизбаев, Диас Жамухамбетов
Меншікті тілшілер:
Алматы - Тамара Дәулетбаева
Ақтау - Асхат Жаналипов
Ақтөбе - Жасұлан Шармаков
Талдықорған - Манарбек Қарекенов
Жамбыл - Асыллан Жексенбин
Шымкент - Рауан Асадилов
Қызылорда - Әкімжан Төлебай

Өскемен - Ғалымжан Бакетов
Семей - Ердоқ Қайртай
Петропавл - Динара Мұқажанова
Павлодар - Гүлзада Садықова
Қостанай - Нұрасыл Сақен

Фототілшілер: Асхат Сәбиев, Өмірбат Айтәлі, Аян Қайыр, Диас Қуанышев, Айзат Нукешов
Компьютерлік безендіру және беттеуші:
Нұрхан Кабдулов
Корректорлар: Өркен Шопашев, Майра Касенова
Нөмірдің кезекші редакторлары:
Айдос Киргизбаев, Диас Жамухамбетов

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы уақыт пен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді.
Газетті есепке қою туралы № 1394-г күәлікті 2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық министрлігі келісім берген.
"OS-ЧР" газеті ҚР ҰҚК ШҚ Әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.

Газеттің апталық таралымы — 2417 дана.
«Имприм» ЖШС баспаханасында басылды.
Астана қаласы, А.Жұбанов көшесі, 24/1.

Салам хат!

Құрметті әке мен ана! Сіздерге әскери шекара бойыншасымен салам жолдаймын. Қал жағдайларыңыз жақсы деп үміттенемін. Менің де жағдайым жақсы, аман-есек қазірет атқарып тұрмын.

Әскери өмір мәтін үлкен тәртіпке нағызкершілікті үйретіп отыр. Әр күні сайын жаңа нәрселерді меңгеріп, шараңдалып, төзімділікке дағдыланудамын. Командирлеріміз бек бастақтарымыз талапшыл, бірақ әділ, бізге әрдайым бағат-бағдар беріп, қолдау көрсетеді.

Сіздерді қатты сәтқандым. Үйдің нәзігі, аман-есек шешімі мен әкеңіз ақыл әрдайым ойыңда. Осы қазірет арқала Отан алдындағы борышыңды адал атқарып, сіздердің сөйлеріңізді ақтауға тәртіпте тұрмын.

Тексерулеріңізге күтіңіздер. Мен үшін уайым-дәшамалдар, бәрі жақсы. Елге айрылған, сөйтіп, шайқатпен орау - менің басты мақсатым.

Сіздерді қатты мақсат көремін. Аман-есек қауапқалма! Ізгі тілекпен,
 Чыңғыз Ағдуқайыпұлы Бейбарис Байғалиұлы
 10.0025 м.



ПОЭЗИЯ



МЕН БҮГІН АЗАТПЫН

Тәуелсізбін - мен бүгін азатпын,
 Егеменді Ел болдым, мен қазақпын.
 Қазақ болып туылған соң қашанда,
 Жырлай берем бұл жеңісін қазақтың.

Тәуелсіздік талай арман сан қырлы,
 Жүрегімде жаңғырады сан түрлі.
 Тәуелсіздік - халықтың бұл тілегі,
 Тәуелсізбін - деп соқсын мәңгі жүрегі.

Тәуелсіздік - халықтың бұл айнасы,
 Қазағыма мол ғой тиер пайдасы.
 Егеменді ел, желбіресе байрағы,
 Одан асқан бақыт бар ма ойлашы...

Аға лейтенант М. БЕКБОЛАТОВ,
 ҰҚК ШҚ СҚО бойынша департаменті.
 Сурет департаменттен.



Жасанды интеллект арқылы жасаған қатардағы Д. ҚУАНЫШЕВ